

Жұмыстарды (жұмыстарды атауы) сатып алу жөніндегі шарт

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан теңге сарайы» шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорны, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталып, Жарғы негізінде әрекет ететін Бас директоры Александр Юрьевич Транов арқылы бірінші тараптан және «_____», бұдан әрі «Мердігер» деп аталып _____ (мердігер басшысының негіздемесі) негізінде әрекет ететін _____ (мердігер басшысының лауазымы) (мердігер басшысының аты-жөні) арқылы екінші тараптан, бұдан әрі бірігіп «Тараптар», ал жоғарыда айтылғандай жеке «Тарап» деп аталатындар, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлікпен басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 17-тармағының 2) тармақшасына сәйкес және «_____» 2021 ж. <хаттаманы бекіту күні> тендер тәсілімен < жұмыстар атауы > жұмыстарды сатып алу қорытындылары жөніндегі хаттамасымен төмендегі мазмұнда осы шартты (бұдан әрі – Шарт) бекітті:

1. Шарт мәні

1.1 Мердігер Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын №2 Қосымшаға сәйкес (бұдан әрі - Жұмыс) Жұмыстарды орындауға, ал Тапсырыс беруші Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісті орындаған талабында, осы Шарттың талаптарында орындалған Жұмыстарды қабылдауға және оларға төлем жүргізуге міндеттенеді.

1.2 Осы Шартта төменде аталған түсініктердің келесі түсіндірмесі бар:

- 1) «Тапсырыс беруші» – «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан теңге сарайы» шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі «ҚР ҰБ ҚТС») РМК);
- 2) «Мердігер» – (Мердігер атауын көрсету);
- 3) «Объект» — ғимарат, құрылыс, жабдық;
- 4) «Учаске» – Объектінің құрылысы (кеңейту, қайта құру, техникалық қайта жабдықтау, күрделі жән ағымдағы жөндеу) кезінде жұмыстарды жүргізуге бөлінген аумақ;
- 5) «Шарт» – 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодекске (Жалпы бөлімі), 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасы Азаматтық кодекске (Айрықша бөлімі) (бұдан әрі - Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі) және Қағидаларға сай Тапсырыс беруші және мердігер арасында бекітілген тауарды жеткізуге, жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге жазбаша түрдегі азаматтық-құқықтық мәміле. Оған қол қойған соң Шарттағы барлық толықтырулар мен өзгерістер қосымша келісімді бекіту жолымен жасалу мүмкін.
- 6) «Құжаттама» – Объектіде жұмыстарды жүргізуге тендерлік құжаттама құрамында Мердігерге тапсырылатын сметалық құжаттама;
- 7) «Материалдар» – Мердігер Объектіде жұмыстарды жүргізгенде қолданылатын барлық шығыс материалдарды білдіреді;
- 8) «Жұмыстар ұзақтылығының мерзімі» – Мердігер Объектіде жұмыстарды аяқтауға тиіс мерзімді білдіреді;

9) «Өзгерістер» – Шартқа қойған соң Тапсырыс берушімен берілген өзгерістер;

10) «Кемшіліктер» (ақаулар, аяқталмаған іс, Шарттан ауытқулар) – Шарт талаптарын бұзумен атқарылған жұмыстардың бөлігі;

11) «Кемшіліктерді (ақауларды, аяқталмаған істі, Шарттан ауытқуларды) жою кезеңі» – жұмыстарды атқару барысында анықталған кемшіліктерді (ақауларды, аяқталмаған істі, Шарттан ауытқуларды) жою кезеңі;

12) «Өнеркәсіптік қауіпсіздік» – жеке және заңды тұлғаларың ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын техникалық құрылғылардың қорғалу күйі, бақыланбайтын жарылыс және (немесе) қауіпті заттардың шығарындысы және аталған апаттардың салдарлары;

13) «Өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптары» – Қазақстан Республикасының заңнамасымен өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсаттарында белгіленген техникалық және (немесе) әлеуметтік сипаттағы талаптар.

1.3 Жұмыстар Тапсырыс берушінің Құжаттамасы бойынша орындалады.

1.4 Төменде аталған құжаттар және онда баяндалған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып есептеледі, дәлірек айтқанда:

1.4.1 Шарт;

1.4.2 сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, қызметтер тізімі (№1 қосымша);

1.4.3 техникалық айрықшалау (№2 қосымша);

1.4.4 жұмыстарды орындаудың күнтізбелік кестесі (№ қосымша) (қажет болғанда).

2. Шарт сомасы және төлем талаптары

2.1 Осы Шарттың жалпы сомасы 12% мөлшерлемесі бойынша ҚҚС ескерумен (*егерде ҚҚС төлеушісі емес болса, көрсету, ҚҚС салынбайды*) (жазбаша Шарт сомасы) теңгені құрайды және оған Шарт талаптарын тиісті орындау үшін қажетті барлық шығыстар кіреді, Тараптар, Шартпен қарастырылған жағдайларды санамағанда, осы Шарт өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

егерде Мердігер ҚР бейрезиденті болса, ҚҚС және КПП ҚР Салық кодексіне сай көрсетіледі.

2.2 Шарт бойынша төлем келесі ретте жүргізіледі:

2.2.1 Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша барлық жұмыстарды орындаған соң жұмыстарды орындау бойынша міндеттемелерді атқарған және екі Тарап Орындалған жұмыстарды қабылдау актісіне қол қойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күннен кешіктірмеген мерзімде нақты атқаралған жұмыстар үшін төлем жүргізеді.

Шарт бойынша төлем алдындағы құжаттар;

төлемге шот;

атқарылған жұмыстарды қабылдау актісінің түпнұсқасы;

атқарылған жұмыстардың және шығындардың құны туралы анықтаманың түпнұсқасы.

2.4 Тапсырыс беруші төлемге құжаттар пакетін дер кезінде ұсынбағанымен байланысты төлем кідірісі үшін жауапкершілік атқармайды.

2.5 Егерде нақты атқаралған жұмыстар үшін құн толық көлемде осы Шарттың 2.1-тармағында көрсетілген Шарттың жалпы сомасына жетпеген жағдайда, Мердігердің Шарттың қалған сомасының төлемін талап етуге құқығы жоқ. Осы Шарт бойынша қалған сома Тапсырыс берушінің қолында қалады.

3. Жұмыстарды орындау мерзімдері, талаптары және орны

3.1 Жұмыстарды орындау мерзімдері, талаптары және орны осы Шартқа №2 Қосымшада айқындалады.

3.2 Тапсырыс беруші жұмыстарды Шартқа №2 Қосымшаға сай Атқаралған жұмыстарды қабылдау актісімен көлемі мен сапасы бойынша қабылдайды.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттемелері

4.1 Мердігер келесіге міндеттенеді:

4.1.1 Мердігерден жұмыстарды жүргізуге рұқсат алу жөніндегі хабарлама алған күннен бастап _____ күнтізбелік күн ішінде осы Шартпен қарастырылған барлық жұмыстардың орындалуын қамтамасыз етуге.

4.1.2 Шартқа қол қою күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге ҚР ҚН 1.03-05-2011 «Еңбекті қорғау және құрылыстағы қауіпсіздік техникасы» және ҚР ҚН 1.03-00-2011 «Құрылыс өндірісі. Кәсіпорындардың, ғимараттар мен құрылыстардың құрылысын ұйымдастыру» сәйкес орындалған жұмыс өндірісінің жобасын (ЖӨЖ) ұсынуға.

4.1.3 Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы тиісті СНЖЕ және өзге нормативтік құжаттардың талаптарына сай орындалған жұмыстар сапасын қамтамасыз етуге.

4.1.4 Шартқа қол қою күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге «ҚР ҰБ ҚТС» РМК және «ҮМЗ» АҚ аумағына Мердігердің жұмыскерлеріне уақытша рұқсатнаманы ресімдеу үшін барлық қажетті құжаттарды ұсынуға.

4.1.5 Өз жұмыскерлерін «ҚР ҰБ ҚТС» РМК және «ҮМЗ» АҚ объектілеріне рұқсат ету және сол жерлерде болу кезінде рұқсаттамалық және объектілік режимнің талаптарын регламенттейтін құжаттармен таныстыруға.

4.1.6 Тапсырыс берушінің аумағында болғанда, қолданыстағы нұсқаулықтардың талаптарын орындауға: («ҚР ҰБ ҚТС» РМК және «ҮМЗ» АҚ нұсқаулықтарын көрсету). «ҚР ҰБ ҚТС» РМК мердігерлік ұйымдармен әрекет ететін өзара қарым-қатынасты жүзеге асыру ережелеріне сәйкес еңбекті қорғау жөніндегі келісімге қол қоюға.

4.1.7 Тапсырыс берушінің құжаттарына сай ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша талаптарды сақтауға.

4.1.8 Мердігерге осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындауға байланысты мәлім болған қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге құпияны, сонымен бірге жеке деректерді жарияламауға.

4.1.9 Жұмыстарды атқару кезінде Қазақстан Республикасында қолданыстағы еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі жөніндегі ережелерді, сондай-ақ «ҚР ҰБ ҚТС» РМК ережелерін (қандай екендерін көрсету), сонымен бірге табиғат қорғау заңнамасының ережелерін сақтауға.

Тапсырыс берушінің энергетикалық ресурстарын тиімді пайдалануға, сонымен бірге Қазақстан Республикасының энергияны үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы заңнамасының талаптарын сақтауға.

4.1.10 Тапсырыс берушінің аумағында белгіленген еңбек тәртібінің ережелерін, сонымен қатар «ҚР ҰБ ҚТС» РМК және «ҮМЗ» АҚ объектілеріне мердігерлік ұйымдардың жұмыскерлеріне рұқсат бергенде және олар сол жерлерде болғанда ИП-148 және ИП 19.0003-17 рұқсаттамалық және объектішілік режимдерінің талаптарын орындауға.

4.1.11 Жұмыстарды атқару орнына дейін материалдарды (жабдықты) өз есебінен жеткізуге.

4.1.12 Тапсырыс берушінің техникалық тапсырмасында немесе Шартта қарастырылған техника-экономикалық параметрлерден ауытқуларға әкелу мүмкін, оның кінәсінен болған техникалық құжаттамадағы кемшіліктерді өз күшімен және өз есебінен түзетуге.

4.1.13 Тапсырыс берушіні күтілетін нәтижелерді алуды айқындалған мүмкін еместігі немесе Жұмыстарды жалғастырудың тиімсіздігі жөнінде дереу хабардар етуге.

4.1.14 Егерде Шартты атқару кезеңінде Мердігер Шартты дер кезінде орындауына кедергі жасайтын талаптарға тап болса, кез келген мезетте Мердігер Тапсырыс берушіге кідіріс дәйегі, оның болжамды ұзақтылығы және себебі (себептері) жөнінде дереу хабардар етуге тиіс.

4.1.15 Тапсырыс берушіге үшінші тұлғаларда осы Шарттың негізінде тапсырылған нәтижелерге айрықша құқықтарының жоқ екендігіне кепілдік беруге.

4.1.16 Дер кезінде, 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей, Тапсырыс берушіні жұмыстарды атқару барысында туындау мүмкін өзгерістер туралы ресми хабардар етуге және осы өзгерістердің барлық келісімдерін шұғыл жүргізуге.

4.1.17 Кемшіліктер (ақаулар, аяқталмаған іс, Шарттан ауытқу) туралы хабарлама алғанда, Тапсырыс берушімен белгіленген уақыт ішінде оның кінәсі бойынша жол берілген кемшіліктерді (ақауларды, аяқталмаған істі, Шарттан ауытқуды) өз күшімен және өз есебінен жоюға.

4.1.18 Тапсырыс берушіге Жұмыстарды тапсырғанда келесілерді ұсыну:

- орындау сұлбалары мен сызбаларын, Жұмыс жобасын (эр Шартта анықтау).

4.1.19 Объектіде жұмыстарды аяқтаған соң Тапсырыс берушіден жұмыстар өндірісі үшін алған құжаттаманы ілеспе хатпен қайтаруға.

4.1.20 Білімдерін, тәжірибесін және барлық қолда бар мүмкіндіктерін қолдана отырып, Жұмыстарды ұйымдастырып атқаруға; Мердігер атқарылатын жұмыстардың дәйектілігіне және сапасына, сонымен қатар Шарт бойынша барлық атқарылатын жұмыстардың үйлестірілуіне толық жауапкершілік атқарады.

4.2 Тапсырыс беруші келесіге міндеттенеді:

4.2.1 Мердігерге акті бойынша қажетті құжаттаманы беруге;

4.2.2 Мердігерге ҚР 1.03-00-2011 «Құрылыс өндірісі. Кәсіпорындардың, ғимараттар мен құрылыстардың құрылысын ұйымдастыру» ҚН 5.6-тармағына сай 3 (үш) жұмыс күні ішінде Құжаттаманы ұсынуға.

4.2.3. Егерде осы жағдай Шарт бойынша міндеттемелерді атқару үшін қажетті болса, Мердігердің мамандарына Тапсырыс берушінің аумағына рұқсатты қамтамасыз етуге.

4.2.4 Атқарылған жұмыстардың барысы мен сапасына, оларды атқару мерзімдерін сақтауына, Мердігер қолданатын материалдардың сапасына бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруға.

4.2.5 Атқарылған жұмыстардың барысы мен сапасына, оларды атқару мерзімдерін сақтауына, Мердігер қолданатын материалдардың сапасына бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруға.

4.2.6 Осы Шарттың талаптарына сай атқарылған Жұмыстарды қабылдауға және төлемін жүргізуге.

4.2.7 Мердігер жұмыскерлеріне «ҚР ҰБ ҚТС» РМК және «ҮМЗ» АҚ аумағына уақытша рұқсаттамаларды ресімдеуге.

4.3 Мердігердің келесі құқықтары бар:

4.3.1 Тапсырыс берушіден атқарылған Жұмыстардың төлемін талап етуге.

4.3.2. Шарттық міндеттемелерді орындау тәсілдерін өз бетімен анықтауға.

4.4 Тапсырыс берушінің келесі құқықтары бар:

4.4.1 Мердігерден тиісті сападағы жұмыстардың атқарылуын талап етуге.

4.4.2 Мердігерден залалдарды және Шарт талаптарын қате орындау салдарынан туындаған шығындарды, сонымен бірге қойылған тұрақсыздық төлем сомаларын өтеу жөніндегі төлемді талап етуге.

4.4.3 Мердігерден кез келген кезеңде жұмыстарды орындау барысы жөнінде ақпарат алуға.

4.4.4 Мердігерге жұмыстарды атқару сапасына және/немесе толықтылығына қатысты негізделген қарсылықтарды ұсынуға.

4.4.5 Жұмыстарды орындау барысы мен сапасына қадағалау жүргізуге.

4.4.6 Кәсіпорын басшысының өнеркәсіптік қауіпсіздігі жөнінде білімдерін тексеру туралы растаушы құжаттарды және инженерлік-техникалық жұмыскерлердің біліктілік аттестаттарының болуын талап етуге.

4.4.7 Мердігердің келісімімен Құжаттамаға Шарт бойынша жұмыстар құнының артуын тудырмайтын өзгерістерді енгізуге.

4.4.8 Егерде Мердігер шарттық құжаттардың талаптарын бұзумен атқарылған жұмыстарды түзету жөнінде өз міндеттемелерін орындамаса, сонымен қатар егерде Мердігер Шартқа сай жұмысты соңына дейін атқаруға қабілетсіз болса, Мердігерге жұмысты тұтас немесе бір бөлігінде тоқтату жөнінде өкімді жазбаша нұсқамамен беруге.

4.4.9 Егерде Мердігер Тапсырыс берушіден жазбаша ескерту алған соң жеті күні ішінде жұмысты түзете алмаса немесе түзеткісі келмесе және жазбаша түрде немесе әрекеттерімен жауап бермесе, өз талабын қайталауға. Егерде Мердігер келесі жетікүндік мерзімі ішінде аталған кемшіліктерді (ақауларды, аяқталмаған істі, Шарттан ауытқуларды) түзете алмайтын жағдайда болса, Тапсырыс беруші ықпал етудің өзге әдістерін қолдануға өз құқығынан бас тартпай, осы жұмысты өз күштерімен атқара алады. Кемшіліктерді (ақауларды, аяқталмаған істі, Шарттан ауытқуларды) жою жөніндегі жұмыстардың құны екі Тарап қолдарын қойған актінің негізінде айқындалады. Егерде аталған шығындарды өтеу үшін төлемге жататын сомалар жеткіліксіз болса, Мердігер Тапсырыс берушіге өз қаражаттарынан айырмашылықты төлеуге міндетті.

4.4.10 Жұмысты немесе конструкцияны тексеру мақсатында сынақ жүргізуге. Егерде тексеруден кейін тексерілген Жұмыста немесе конструкцияда кемшіліктер (ақаулар, аяқталмаған іс, Шарттан ауытқулар) болғаны айқындалса, Мердігер жұмыстардың кемшіліктерін (ақауларды, аяқталмаған істі, Шарттан ауытқуларды) түзетеді (немесе) конструкцияны ауыстырады.

4.4.11 Атқарылған жұмыстардың сапасы Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес келмеген жағдайда оларды қабылдаудан бас тартуға.

4.4.12 Материалдар мен жабдықтың құны бойынша дау туындаған жағдайда, материалдар мен жабдықтың құнын растау үшін шот-фактураның көшірмесі мен түпнұсқасын талап етуге.

4.4.13 «ҚР ҰБ ҚТС» РМК-да қолданыстағы еңбек кестесі және еңбек тәртібінің ережелерін, «ҚР ҰБ ҚТС» РМК және «ҮМЗ» АҚ аумағындағы рұқсаттамалық және объектішілік режимінің талаптарын бұзған Мердігердің жұмыскерлерінен «ҚР ҰБ ҚТС» РМК және «ҮМЗ» АҚ аумағынан кетуін талап етуге. Олар Тапсырыс берушінің мүлігіне немесе қызметкерлеріне залал келтірген жағдайда, залалды өтеу жөнінде актіні құрастыруға.

4.4.14 Мердігер жұмыстарды атқару мерзімдерін, атқарылған жұмыстар сапасын бұзғаны үшін, Мердігердің жұмыскерлері рұқсаттамалық және объектішілік режимін бұзғаны үшін шарт бойынша қорытынды төлем сомасынан тұрақсыздық төлемін біржақты ретте ұстап қалуға.

4.4.15 Мердігерден хабарлама алған соң Шарттың 4.1.14) тармақшасына сай өз қалауы бойынша, Мердігердің кінәсінен тыс туындаған объективті себептер болғанда, Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін ұзартуға.

4.4.16 Біржақты тәртіпте Шартты орындаудан бас тартуға (Шарттан бас тарту) немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Шартпен қарастырылған жағдайларда Шартты біржақты тәртіпте бұзуға.

5. Жұмыстарды тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1 Тапсырыс беруші Шартпен қарастырылған ресімделген құжаттар күнінен бастап 10 жұмыс күннен кешіктірмей Жұмыстарды Объектіні қабылдайды.

5.2 Мердігер Шарт бойынша барлық жұмыстар аяқталғаннан кейін Тапсырыс берушіге Объектідегі жұмыстар аяқталғаны жөнінде хабарламаны жолдайды. Тапсырыс берушіге хабарламамен бірге Шарттың 4.1.18-тармағына сай толық көлемде орындаушы құжаттамасын ұсынады (қажет болғанда).

5.3 Тапсырыс берушінің Мердігердің жұмысында кемшіліктер мен аяқталмаған іс анықталған жағдайда қабылдаудан бас тартуға құқығы бар.

5.4. Орындалған жұмыстарды қабылдау уақытында кемшіліктер мен жұмыстағы аяқталмаған іс анықталған жағдайда, Тараптар анықталған кемшіліктерді және оларды жою мерзімдерін көрсетумен актіні құрастырады. Мердігер анықталған кемшіліктерді және аяқталмаған істі өз есебінен жояды.

6. Кепілдіктері мен сапасы

6.1. Мердігер келесі кепілдік мерзімдерін қамтамасыз етеді:

а) атқарылған құрылыс-құрастыру және қосу-реттеу жұмыстар бойынша (қажет болғанда Тапсырыс беруші Объектіні пайдалануға қабылдау актісіне (күрделі және ағымдағы жөндеу кезінде – атқарылған жұмыстарды қабылдау актісі) қол қойған мезеттен бастап _____ жылы ішінде;

б) құрастырылған жабдық бойынша – Тапсырыс беруші Объектіні пайдалануға қабылдау актісіне (қажет болғанда) қол қойған мезеттен бастап шығарушы – зауыттың паспорттарына сәйкес.

6.2. Кепілдік мерзімі шегінде кемшіліктер анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге кемшіліктерді жою жөнінде хабарлама жолдайды.

6.3. Мердігер хабарламаны алған соң 10 жұмыс күні ішінде кепілдік мерзімі шегінде анықталған кемшіліктерді, Объектіні қате пайдалану немесе Тапсырыс беруші өз не онымен жұмылдырылған үшінші адамдар әзірлеген оны пайдалану жөніндегі қате нұсқаулықтың, Объектінің Тапсырыс берушімен не онымен жұмылдырылған үшінші адамдар жүргізілген тиімсіз жөндеуі салдарынан болғанын дәлелдемесе, өз есебінен жояды.

7. ТАРАПТАР ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

7.1 Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған және/немесе тиісті орындамаған жағдайда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілік артады.

7.2 Мердігер, Шартпен баяндалған Жұмыстарды атқару мерзімдерін кідірткен жағдайда, ол Тапсырыс берушіге дер кезінде орындалмаған Жұмыстардың құнынан 0,1% мөлшерде, бірақ Шарттың жалпы сомасынан 10% артық емес мөлшерде өсімпұл төлейді.

7.3 Тапсырыс берушіге залал келтірген жұмыстарды атқару мерзімдері бұзылған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге нақты келтірілген залалдарды өтеп береді.

7.4 Мердігер, Шарттың 11-тарауымен қарастырылмаған жағдайлардан басқа, Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан бас тартқан жағдайда, Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасынан 10% мөлшерінде айыппұл төлейді.

7.5 Тапсырыс беруші орындалған Жұмыстар үшін төлемді негізсіз кідірткен жағдайда, Мердігерге кідірістің әр күні үшін берешек сомасынан 0,1% мөлшерде, бірақ берешектің жалпы сомасынан 10% артық емес мөлшерде өсімпұл төлейді.

7.6 Тұрақсыздық төлемі (өсімпұл, айыппұл) сомасын төлеу екі Тарапты да Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды. Сонда Тараптар Шарт бойынша тараптар жауапкершілігінің шекті көлемі (залалдарды өтеуді санамағанда) шарттың жалпы сомасынан 10% аспауға тиіс екеніне келіседі.

7.7 Мердігер Тапсырыс берушінің шығындарына немесе мүлігіне, өз жұмыскерлерінің меншіктігі мен денсаулығына залал келтірумен, сондай-ақ өз жұмыскерлерінің қазасымен байланысты және Шартты орындау барысында және одан кейін туындайтын барлық тәуекелдікке жауапкершілік атқарады.

7.8 Тапсырыс беруші Мердігермен еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы саласында жол берген бұзушылықтарды анықтағанда, айқындалған бұзушылықтар жөнінде екіжақты Акт құрастырылады. Егерде Мердігер Актіде көрсетілген мерзімде бұзушылықтарды жою бойынша шараларды қабылдаса, Тапсырыс беруші Мердігерге жоюға жұмсаған шығындардың мөлшерінде залал сомасын және әр айқындалған және тиісті актімен ресімделген жағдай үшін _____ көлемінде айыппұл ұсынуға құқылы.

Егерде «ҮМЗ» АҚ күзетілетін аумағына кіру қажет болғанда.

7.9 Мердігер Тапсырыс берушіге келесі әр бұзушылық үшін айыппұл төлейді:

7.9.1 5 (бес) АЕК мөлшерінде - рұқсаттаманы жоғалтқаны және оның механикалық бүлінуі үшін;

7.9.2 келесі әр бұзушылық үшін 10 (он) АЕК мөлшерінде:

1) Тапсырыс берушінің және «ҮМЗ» АҚ-ның күзетілетін аумағына рұқсат құжаттарынсыз немесе қате ресімделген құжаттарсыз байланыстың радиоэлектронды құралдарын, ақпараттың электронды, магнитті, оптикалық, қағаз тасымалдағыштарын, фото-бейне жабдықты өткізу және (немесе) оларды қолдану;

2) қате ресімделген құжаттар бойынша Тапсырыс берушінің және «ҮМЗ» АҚ-ның күзетілетін аумағынан тауар-материалдық құндылықтарды (нақты көлемі, тауар-материалдық құндылықтардың саны және / немесе номенклатурасы ресімделген құжаттарға сай келмейді; көлікпен әкету деген құжаттарда қосымша жазулар немесе түзетулер бар) көлікпен әкету (шығару);

7.9.3 келесі әр бұзушылық үшін 30 (отыз) АЕК мөлшерінде:

1) рұқсатнаманы басқа адамға беру;

2) «ҮМЗ» АҚ-ның және «ҚР ҰБ ҚТС» РМК-ның күзетілетін аумағына жалған немесе мерзімі өтіп кеткен рұқсаттама бойынша өтуге әрекет ету (өту);

7.9.4 келесі әр бұзушылық үшін 50 (елу) АЕК мөлшерінде:

1) Тапсырыс берушінің және «ҮМЗ» АҚ-ның аумағында жұмыс уақытында және жұмыстан тыс кезде Мердігер жұмыскерінің алкогольдік немесе есірткілік мас жағдайында болу, сонымен қатар алкогольдік немесе есірткілік мас жағдайында күзетілетін аумаққа өтуге әрекет ету;

2) Тапсырыс берушінің және «ҮМЗ» АҚ-ның аумағынан тауар-материалдық құндылықтарды рұқсат құжаттарынсыз көлікпен әкетуге (шығаруға) әрекет ету;

3) Тапсырыс берушінің және «ҮМЗ» АҚ-ның аумағына тыйым салынған заттарды, заттектерді, соның ішінде қаруды, оқ-дәрілерді, улы және уландыратын заттектерді, ішінде көзден жас ағызатын немесе нерв-салдану әсер ету газы бар баллончиктарды, алкогольдік сусындарды, есірткі құралдарын, психотропты заттектерді көлікпен әкету (әкелу).

7.10 Тапсырыс берушімен Мердігердің мекенжайына жіберілетін тиісті актілер, ұйғарымдар мен шоттар осы Шарттың 7.9-тармағында мәлімделген тұрақсыздық төлемін, айыппұлды төлеу үшін негіз қызметін атқарады. Тұрақсыздық төлемінің, айыппұлдың сомасын Тапсырыс беруші Мердігермен атқарылған Жұмыстар үшін төлем үшін есеп айырысу кезінде ұстап қалады және бұл үшін Мердігердің қосымша келісімі талап етілмейді.

7.11 Мердігер Шарт бойынша кез келген міндеттемелерін (Жұмыстарды көрсету мерзімін бұзу және/немесе тиіссіз сапада Жұмыстарды атқару, Мердігердің кінәсі бойынша шартты бұзу) соңғы есеп айырысу кезінде Тапсырыс берушіге Жұмыстар үшін төлемге жататын сомадан есептелген тұрақсыздық төлемінің, залалдардың (Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 9-бабы 4-тармағына сәйкес) есептеуін жүргізу құқығын ұсынады. Шарт бойынша осы сомаға төлім кідіртуі үшін тұрақсыздық төлемін есептемейді. Сонда Тапсырыс беруші Мердігерге онымен бұзылған міндеттеме және Жұмыстар үшін төлемге жататын сомадан есептелген тұрақсыздық төлемінің, залалдардың (Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 9-бабы 4-тармағына сәйкес) ұстап қалынғандығы жөнінде хат (хабарлама) жолдайды.

7.12 Мердігер осы Шарт бойынша жүзеге асыру жөнінде туындаған айналымдарды ҚҚС жөніндегі салық есебінде уақытында көрсетуге міндеттенеді және салық заңнамасының талаптарына сәйкес шот-фактураны толтырудың дұрыстығы мен шынайлығы үшін жауапкершілік артады. Мердігер салық міндеттемелер бойынша талап көнелігі мерзімінің ішінде қарсы салық тексерулер барысында Тапсырыс берушімен өзара есеп айырысуларын растауға міндетті. Мердігер жоғарыда көрсетілген міндеттемелерді сақтамаған жағдайда, салық заңнамасының талаптарына сай қайтарудан шығарылған ҚҚС сомасына байланысты барлық шығынды өтеуге міндеттенеді.

7.13 Мердігер айқындалған кемшіліктерді дер кезінде жою мерзімдерін бұзған жағдайда, осы Шарттың 6.3-тармағына сай Тапсырыс беруші кідірістің әр күні үшін орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасынан 10% артық емес тұрақсыздық төлемін төлеуді талап етуге құқылы, ал Мердігер оны төлеуге міндетті.

7.14 Мердігер осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағанда және/немесе тиісті орындамағанда осы Шарт бойынша төлемге жататын сомадан Тапсырыс берушіге тиесілі өсімпұл (айыппұл) сомасын ұстап қалуға келісімін береді.

8. ШАРТТЫ ӨЗГЕРТУ, БҰЗУ ТӘРТІБІ

8.1 Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырлар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Стандартқа сай жүзеге асырылады.

8.2 Егерде еңсерілмейтін күш жағдайлары орын алса, сонымен бірге метеоқызметінің анықтамасымен (СНЖЕ, стандарттарға, нұсқаулықтарға, қағидаларға және өзге құжаттарға сай осы жұмыстар атқарыла алмайтын талабында) расталған жұмыстардың атқарылуына кедергі жасайтын қолайсыз ауа-райы жағдайлары (үсік, тайғақ, бұршақ, жауын-шашым, екпінді жел) немесе ол ұсынған ауытқулар болғанда, сондай-ақ жұмыстарды атқару барысында қосымша еңбек шығындарын талап ететін жасырынды кемшіліктер анықталса, Тапсырыс беруші жұмыстарды атқару мерзімін ұзартуға құқылы. Мердігер жұмыстарды атқару мерзімін ұзарту себептері жөнінде олар басталған мезеттен бастап 5 жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіні жазбаша хабардар етуге тиіс. Мердігер «07» күнтізбелік күні ішінде жоғарыда аталған жағдайлар жайлы хабардар етпеу Шарт бойынша жұмыстарды атқару мерзімін ұзарту үшін негіздеме ретінде сілтеме жасау құқығынан айырады. Тараптар Шартқа өзгерістерді тиісті қосымша келісімен ресімдейді.

8.3 Келесі оқиғалар жұмыстар ұзақтылығы мерзімдерінің өзгеруіне әкеп соғады:

8.3.1 Тапсырыс беруші Объектінің барлық учаскелерін қолдануға рұқсат етпейді, бұл жайт жұмыстардың атқарылуын кідіртеді. Бұл жағдайда Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша жұмыстарды атқару мерзімдерін ұзартуға міндетті;

8.3.2 Тапсырыс беруші Мердігер Шартпен жоспарланбаған сынақтарды жүргізу үшін жұмыстарды тоқтатуға нұсқау береді. Егерде осы сынақтар қандай да бір кемшіліктерге (ақауларға, аяқталмаған іске, Шарттан ауытқуларға) көрсетпеген жағдайда, сынақтарды жүргізу үшін жұмыстарды тоқтату уақыты жұмыстарды атқарудың шарттық мерзіміне қосылады;

8.4 Бекітілген Шартты осы жұмыстарды сатып алу үшін сатып алудың жылдық жоспарында қарастырылған сомалар шегінде өзгертуге болады.

8.5 Шарт жобасына немесе бекітілген Шартқа жүргізіліп жатқан (жүргізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын немесе Мердігерді таңдау үшін негіз болып табылатын ұсыныстың мазмұнын өзгерту мүмкін өзгерістерді енгізуге жол берілмейді.

8.6. Осы Шартқа кез келген өзгерістір мен толықтырулар жазбаша түрде ресімделсе және оған Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған жағдайда ғана күшіне ие болады.

8.7 Тапсырыс беруші Шартты біржақты тәртіпте келесі жағдайларда кез келген кезеңде бұзуға құқылы:

- 1) Тапсырыс берушімен Қағидалардың 14-тармағына сәйкес сатып алудан бас тартуы;
- 2) Мердігермен ұсынылған мәліметтерде жалған ақпарат анықталуы;
- 3) Қағидалардың және (немесе) сатып алу қорытындыларына ықпал еткен сатып алу талаптарының бұзушылығын анықтау;
- 4) Тапсырыс берушімен (сатып алуды ұйымдастырушымен) Мердігерге Қағидалармен қарастырылмаған қолғабыс жасалуы;
- 5) Мердігер банкрот немесе төлемге қабілетсіз болып қалған, сондай-ақ тиісті сот процесіне жұмылдырылған жағдайда. Бұл жағдайда бұзу дереу жүзеге асырылады және Тапсырыс беруші Мердігерге қатысты ешқандай қаржы жауапкершілік атқармайды;

6) Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті орындамағанда. Сонда Мердігер Шартқа сай жауапкершілік атқарады.

7) егерде Мердігер Тапсырыс берушімен белгіленген уақыттың негізделген кезеңі бойында Тапсырыс берушімен көрсетілген кемшіліктерді (ақауларды, Шарттан ауытқуды) түзетпесе;

8) егерде Мердігер жобалау құжаттамасында және шарттық құжаттамада белгіленген жұмыс өндірісінің ережелерін, нұсқаулықтар мен қағидаларды бұзса;

9) Шартты әрі қарай атқару тиімсіз болғанда.

8.7. Шартты біржақты тәртіпте бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге 15 (он бес) күнтізбелік күн бұрын бұзуы туралы жазбаша хабарлама жолдайды. Осы күндер өткен соң Шарт бұзылған деп есептеледі. Хабарламада Шартты бұзу себебі, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сонымен қатар Шартты бұзу күні көрсетілуге тиіс.

8.9 Егерде Шарт бұзылса, Мердігер дереу Жұмыстарды тоқтатуға, Объектінің консервациясын және оның белгілі тәртіпте Тапсырыс берушіге тапсырылуын қамтамасыз етуге тиіс.

9. Хат – хабар

9.1 Егерде Шарт талаптары бойынша қандай да бір қатынасхаттарды жүргізу, хабарландыру қағазын, нұсқаулықтарды, келісімдерді, бекітулерді, сертификаттарды немесе кімде-кімнің шешімдерін болсын ұсыну не шығару қажет болса, және де басқа айтылмаған жағдайда, қатынасхаттардың осындай түрі негізделмеген бас тарту мен кідіріс жазбаша түрде жүзеге асырылады.

9.2 Қатынасхат бойынша барлық құжаттарда осы Шартқа сай немесе оған байланысты Шарт нөмірімен Тараптардың деректемелері болуға тиіс.

9.3 Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша түрде орындалуға тиіс кез келген қатынасхат, хабарландыру қағаздары, есеп берулер, сұраныстар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе өзге хабарламалар алдын ала ұсынылуға және шабарман арқылы немесе пошталық хабарламалаумен тапсырыс хатпен, факспен немесе электронды пошта арқылы берілуге тиіс. Факстік/электронды нұсқасы алынған күннен бастап 5 жұмыс күні /күнтізбелік күні/айы ішінде түпнұсқасы ұсынылады.

9.4 Курьерлік пошта, телекс, телеграмма немесе факс арқылы жолданған кез келген хабарлама (бұрында алғаны расталмаса) жолданған мезетте жеткізілген деп есептеледі.

9.5 Тапсырыс (авиа) хатпен жолданған хабарлама поштамен жеткізілуді растайтын пошта бөлімшесінің немесе курьерлік қызметтің мөртаңбасы болған жағдайда жеткізілген деп есептеледі.

9.6 Тараптар бір-бірін 3 жұмыс күні ішінде деректемелерінің өзгеруі туралы жазбаша хабардар етеді және осы Шартқа тиісті қосымша келісімді белгіленген ретте ресімдейді.

9.7 Хабарлама, аталған күндердің қайсысы кешірек болғанына байланысты, жеткізілген соң немесе күшіне енуінің көрсетілген күнінде (егерде хабарламада көрсетілсе) күшіне енеді.

10. Шарттың әрекет ету мерзімі

10.1 Шарттың әрекет ету мерзімі – шартқа қол қою күнінен бастап 2021 жылғы_____ дейін. Өзара есеп айырысу бөлігінде Шарт тараптар аталған міндеттемелерді толық орындағанға дейін әрекет етеді.

11. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (форс-мажор)

11.1 Тараптар, егерде кідіріс еңсерілмейтін күш жағдайларымен байланысты болса, Шарт талаптарын орындамағаны үшін жауапкершілік атқармайды.

11.2 Еңсерілмейтін күш жағдайларына осы Шарттың талаптарын орындауға кедергі жасайтын су тасқыны, жер сілкінісі, өрттер, дауылдар, Тараптардың кінәсіз болған апаттар сияқты құбылыстар, сонымен қатар соғыс әрекеттері, қоршаулар, заңнамалық және атқарушы органдарының шешімдері сияқты қоғамдық құбылыстар жатады.

11.3 Тараптар еңсерілмейтін күш жағдайларының басталуы туралы бір-бірін осындай жағдайлар және олардың себептері туралы олар басталған мезеттен бастап 5 жұмыс күні ішінде жазбаша хабардар етуге тиіс.

Олар басталған мезеттен бастап 7 жұмыс күні ішінде басқа Тарапты еңсерілмейтін күш жағдайлары жөнінде хабардар етпеу осындай жағдайлардың әрекетіне түскен Тарапты осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамау негіздемесі ретінде сілтеме жасау құқығынан айырады.

Егерде Тараптан өзге жазбаша нұсқау түспесе, еңсерілмейтін күш жағдайларына сілтеме жасайтын басқа Тарап Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауын қаншалықта тиімді болса жалғастырады және еңсерілмейтін күш жағдайларына байланысты емес Шартты орындаудың балама тәсілдерін іздестіреді.

Бұл жағдайда, егерде олар еңсерілмейтін күш жағдайлары басталған соң бүкіл Шартты немесе атқарылуға жататын бөлігін мерзімінде атқаруға едәуір ықпал етсе, Шарт бойынша міндеттемелерін орындау мерзімдері, осы жағдайлардың әрекет ету уақытына мөлшерлес ұзартылады.

11.4 Еңсерілмейтін күш жағдайларына сілтеме жасайтын Тарап оларды растау мақсатында тиісті уәкілетті органмен берілген құжатты ұсынуға міндетті.

11.5 Тиісті растауы бар еңсерілмейтін күш жағдайлары басталған жағдайда Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерінің орындауын тоқтатады. Қажет болғанда, нақты көрсетілген Қызметтер үшін өзара есеп айырысуды жүзеге асырады.

11.6 Егерде еңсерілмейтін күш жағдайлары бір айдан астам әрекет етуін жалғастырса, Тараптың кез келгенінде, басқа Тарапқа қабылданған шешім туралы хабардар ете отырып, Шартты толығымен немесе бір бөлігінде бұзу құқығы бар.

11.7 Еңсерілмейтін күш жағдайлары басталғанда Шартты бұзған жағдайда, Мердігер Шартты бұзу күніне келтірілген нақты шығындар үшін ғана төлемді талап ету құқығы бар.

12. Дауларды шешу тәртібі

12.1 Тараптар осы Шарт бойынша немесе онымен байланысты туындаған барлық келіспеушіліктер мен дауларды тікелей келіссөздер барысында шешуге барлық күшін салуға тиіс.

12.2 Тараптар үшін наразылық тәртібін сақтау міндетті болып табылады. Оның мекенжайына наразылық жолданған Тарап оны қарастырып, наразылықты алған мезеттен бастап 15 күнтізбелік күннен кешіктірмей басқа Тарапқа жазбаша жауап жолдауға міндетті.

12.3 Тараптар келісімге келмеген жағдайда, даулар Тапсырыс берушінің орналасқан жері бойынша сот органдарында қарастырылады.

12.4 Шартты орындау бойынша даулар қарастырылғанда Қазақстан Республикасының заңнамасы қолданылатын құқық болып табылады.

13. Ерекше талаптар

13.1. Тараптар осы Шартты бекітумен осы Шарт бойынша жұмыстарды жүргізу көзделетін Объектінің бірлескен тексеруін жүргізгенін растайды және келесіні белгіледі:

- жұмыстарды жүргізу жағдайлары, Мердігерді ұқсас жұмыстарды жүргізу кезінде әдеттегіңде қабылдауға міндеттілерден басқа, ол жұмыстардың қауіпсіз жүргізілуін қамтамасыз ету үшін қосымша шараларды қабылдауға міндеттейтін қосымша қауіпті факторларды талап етпейді;

- жұмыстарды жүргізу жағдайлары, Мердігерді ұқсас жұмыстарды жүргізу кезінде әдеттегіңде қабылдауға міндеттілерден басқа, ол қызметкерлер құрамын зиянды факторлардың әсер етуінен қорғаудың тиісті деңгейін қамтамасыз ету үшін қосымша шараларды қабылдауға міндеттейтін қосымша зиянды факторларды талап етпейді.

13.2. Мердігер өз жұмыскерлерімен кәсіби ауруларға шалдығуына және де денсаулығын басқалай нашарлатып алуына байланысты залалды өтеу жөнінде барлық тәуекелдіктерді өзіне қабылдайды.

14. Өзге талаптар

14.1. Шарт бірдей заңды күшіне ие мемлекеттік және орыс тілінде 2 (екі) данада құрастырылған.

14.2 Шартқа Қосымша /-лар/ Шарттың ажырамас бөлігі /бөліктері/ болып табылады.

14.3. Тараптардың бірі қайта құрылған жағдайда Шарт бойынша құқықтары мен міндеттемелері тоқтатылмайды және Тараптардың құқықтық мұрагеріне ауысады.

14.4 Тараптар Шарт және уәкілетті адамдармен қол қойылған, мөрмен бекітілген және қарама-қарсы электронды пошта және/немесе факсимильді байланыс арқылы Тарапқа тапсырылған өзге құжаттар Тараптармен толыққанды заңды құжаттар болып танылатынына келісті. Электронды пошта және/немесе факсимильді байланыс арқылы тапсырылған құжаттардың расталуы Тараптар үшін _____ (_____) ай /күн ішінде міндетті болып табылады.

15. Тараптардың заңды мекенжайлары және банктік деректемелері

Тапсырыс беруші:

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан теңге сарайы» ШЖҚ бар РМК
070005, Қазақстан Республикасы, ШҚО,
Өскемен қ., Абай даңғ., 102/1
тел. 8 (7232) 75-33-50, факс 75-15-80
БИН 941240000242

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі» РММ
ЖСК KZ77125KZT1001300105

БСК NBRKKZKX

Резидент белгісі – 1

Экономика секторы - 6

Мердігер:**Тапсырыс беруші:**

(лауазымы, аты-жөні, қолтаңбасы)

МО**Мердігер:**

(лауазымы, аты-жөні, қолтаңбасы)

МО

Сыбайлас жемқорлыққа, парақорлыққа және лаңкестікті қаржыландыруға қарсы әрекет ету жөніндегі заңнаманы сақтау, қылмыстық жолмен қол жеткізілген табыстарды заңдастыру (жылыстауы) бойынша міндеттемелер

Тараптар (барлық жұмыскерлер, өкілдер, аффилирленген тұлғалар, Тараптардың атынан және тапсырмасы бойынша Шарт жөнінде міндеттемелерді атқаратын басқа адамдар) өзіне Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа, парақорлыққа және лаңкестікті қаржыландыруға қарсы әрекет ету жөніндегі заңнаманы (бұдан әрі - Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама) сақтау міндеттемелерін қабылдайды, олар – нақтылап айтқанда:

а) басқа Тарапқа, сонымен қатар үшінші адамдарға және мемлекеттік қызметшілерге пара бермеуге немесе беруге талпынбауға (төлемнің кез келген түрлері, сыйлықтар, өзге мүлдіктік пайда, сыйлықақы және жеңілдіктер);

б) Тараптар Шарт бекітілгенше дейін Тараптардың ешқайсысы артықшылыққа ие болу, осы Шартқа байланысты басқа Тараппен қандай да бір іскери қарым-қатынастарды орнату және (немесе) ұзарту мақсатында пара бермегеніне және беруге талпынбағанына кепілдік береді;

в) Тараптар, Қазақстан Республикасының, сонымен қатар Тараптар құрылған, тіркелген, өз қызметін жүзеге асырған барлық елдердің қолданыстағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасымен танысқанын растайды. Тараптар аталған заңнаманың мүлдіксіз сақталынуына кепілдік береді;

г) Тараптар өзіне басқа Тараппен қолданылатын қолданыстағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының бұзушылығына әкелетін қандай да бір әрекеттерді жасамау міндеттемелерін қабылдайды;

д) Тараптар парақорлық дәйектерін немесе пара беру әрекеттерін алдын алу үшін қажетті Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуын, ішкі жергілікті актілер мен рәсімдерді басшылыққа алатынын растайды;

е) Тараптар, олардың атынан және тапсырмасы бойынша Шарт бойынша міндеттемелерді орындайтын өз мердігерлерімен және/немесе үшінші тұлғалармен парақорлық дәйектерін немесе пара беру талпыныстарын алдын алу бойынша әрекеттерді алдын алуды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

ж) Тараптар, Шарттың өзге қағидаларымен қарастырылған бұзуға (орындаудан бас тартуға) деген құқықтарына қосымша ретінде, «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан теңге сарайы» шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорнының басқа Тарап Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың қағидаларын бұзған жағдайда Шартты дереу бұзуға құқығы бар, және сонымен қатар екінші Тарап Шарттың бұзылуына дейін тиісті түрде орындалған міндеттемелер үшін төлемдерден басқа қандай да бір төлемдерді талап етуге құқығы жоқ.

Тапсырыс беруші:

(лауазымы, аты-жөні, қолтаңбасы)

Мердігер:

(лауазымы, аты-жөні, қолтаңбасы)

_____ **МО**

_____ **МО**

